



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

21 ақпан
сенбі

№14 (2226)

2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СЫР МЕДИЦИНАСЫ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Сыр медицинасы серпінді дамуда деп ауыз толтырып айтарлықтай жағдайға жеттік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен аймақта денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда. Бұл шаралардың басты мақсаты – халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру. Осы мақсатта облыс орталығында заманауи ғимараттардың іргетасы қаланды. Ауқымды жобалардың жүзеге асу барысын Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова аралап көрді.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов «Қамқорлық» ерте араласу орталығының және жұқпалы аурулар ауруханасының жұмысымен танысты.

Аймақта жыл сайын шамамен 20 мың нәресте дүниеге келеді, ал 18 жасқа дейінгі балалар саны 322 мыңға жетеді. Балаларды оңалту қызметінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2022 жылы «Қамқорлық» орталығы ашылған. Орталық ашылған төрт жыл ішінде 6000-ға жуық бала оңалту қызметін алған. Қозғалу, сойлеу дағдыларын дамытып, әлеуметтік бейімделудің маңызды кезеңдерін сәтті аяқтады. Мұнда балаларға медициналық және педагогикалық көмек көрсетіледі.

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы 2024 жылы кешенді күрделі жөндеуден өтіп, өткен жылдың соңында ел игілігіне берілді. Қазіргі таңда жаңартылған бөлімшелер пациенттер мен медицина қызметкерлерінің жоғары бағасын алуда. Соңғы үш жылда аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 590840153 теңге қаржы бөлінген, 49 млн теңгеге 2 автокөлік сатып алынды. Өткен жылы клиникалық фармакология және госпитальдық фармация бөлімшесі ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Кітапхана, жаңа театр, Президент саябағы һәм қаланың жаңа тынысы



Сыр өңірінде ауқымды құрылыс жобалары жүйелі түрде жүзеге асып, аймақ келбеті күн санап жаңарып келеді. Әсіресе, руханият пен мәдениетке серпін беретін нысандардың бой көтеруі – өңір дамуының көрінісі. Заманауи кітапхана мен театр ғимаратының құрылысы, сондай-ақ Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстары да қала келбетін аша түспек. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын кітапхана мен мәдениет нысандарының құрылыс алаңында болды. Сонымен бірге ол Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

2-БЕТТЕ



Шет аймақ тұрғындарының қуанышы

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және ҚР Парламент депутаттары Титов қыстағындағы жаңа емхананың іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды жаңа нысанның құрылысы басталуымен құттықтады.

– Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, адамдағы байлықтың негізгісі – денсаулық. Деннің саулығы – мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің арқауы.

Президентіміздің әлеуметтік саясатында басым бағыттарының бірі де – халыққа тиімді әрі сапалы медициналық қызмет ұсыну. Бүгін біз Қызылорда қаласы үшін, соның ішінде Титов мөлтек ауданының 40 мыңнан астам тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәттің басында тұрмыз. Ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхананың жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне куә болуға жиналды. Жалпы 9 млрд 823 млн теңгеге салынатын жаңа емхана ғимаратының аумағы 9 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, қазыналы қарттарымыздың денсаулығын жақсартуға бағытталған мемлекет қолдауы. Алдағы уақытта да өңір халқының өмір сапасын арттыруға арналған кешенді жұмыстар жалғасады, – деді Н.Нәлібаев.

Іс-шарада Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Шәріпбайқызы сөз сөйлеп, Сыр медицинасы дамуында жаңа кезеңге қадам басқанын атап айтты.

– Медицина саласындағы ауқымды жұмыстардың негізгі мақсаты – халықтың денсаулығын жақсарту. Бұл бағыттағы ауқымды жобалар биыл да жалғасады. Еліміздің ең басты байлығы – адам. Демек, адамдардың денсаулығы да бірінші орында екені анық. Республика бойынша 800-ден астам медицина нысаны бой көтерсе, соның 650-ден астамы ауылдық жерде салынууда. Ал оның 270-і елді мекендерде бұрын-соңды болмаған нысан. Қазір шет аймақтар мен ауылдық жерлерге баса назар аударылууда. Республика бойынша 32 ауданаралық аурухана салынса, соның 4-сүйі Қызылорда облысында салынды. Сыр медицинасы қашанда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Екі-үш жылдықтың көлемінде 8 перинаталдық орталық салыну керек болса, оның біреуі – Қызылордада. Бүгінгі таңда Сыр елінің даму қарқыны өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетіліп жатыр, – деді Ақмарал Әлназарова.

Титов қыстағының тұрғыны Сәуле Омарова бұл жаңалыққа қуанғанын жасырмады.

– Ауырып, жаны қиналып жүрген жандар үшін емханаға барып келу де үлкен жұмыс еді. Одан ұзынсонар кезекте тұратынбыз. Емхана тар, дәрігерлер аз болғандықтан кезектің де көп болатыны белгілі. Біздің шағын ауданға жаңа емхана салынатынына қуанып жүрміз. Шет аймақтағы халықтың арманы орындалды. Заманауи нысанның берілгенін асыға күтетініміз анық, – дейді ол.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Анар ЖАНБЫРБАЕВА, Мүлкаман Қалауов атындағы
Өнер мектебінің директоры:

Өнер мектебін үйірмемен шатастырып жүргендер көп



сыныптар ашу, халықаралық байқауларға қатысу, өңір мәдениетін жаңа деңгейге көтеру жолында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Өнер арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтуді мақсат тұтқан ұжым үшін әрбір шәкірт – болашақ музыкант, хореограф не суретші бола алатын үлкен әлеует иесі. Осы және өзге де мәселелер жөнінде толығырақ білу үшін М. Қалауов атындағы Қызылорда қалалық Өнер мектебінің директоры Анар Жаңбырбаевамен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ



Қалаға қарасты Сабалақ елді мекенінде ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселенің нүктесі қойылды. Елді мекен халқына газ берілді.

САБАЛАҚ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ



2-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

«Күлкі шарының»

ҚАСІРЕТІ

Қолында түрлі түсті шар. Себепсіз күлкі. Бірнеше секундтық әсер. Қазіргі таңда жастар арасында «күлкі шары» деген атаумен таралған бұл әдет алғашында зияны жоқ, қызық секілді көрінері анық. Алайда мамандар оның астарында адам денсаулығына төнген елеулі қауіп жатқанын айтып, дабыл қағуда. Азот тотығы – медицинада қолданылатын газ. Бірақ соңғы жылдары ол ойын-сауық құралына айналып үлгерді. Жастар оны көңіл көтерудің «оңай» жолы деп ойлайды. Ал дәрігерлер бұл үрдісті есірткіге апаратын алғашқы баспалдақтардың бірі деп атайды. Мәселенің жай-жапсарын анықтап көрдік.



4-БЕТТЕ

САРАПТАМА



ЖАЛҒАН ПСИХОЛОГ, КОУЧ, ТРЕНЕРЛЕРГЕ ТЫҚЫР ТАЯНДЫ

Бүгінде өзін «психолог», «коуч» және «ментор» деп таныстыратындар жанбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткені жасырын емес. Әлеуметтік желі арқылы қысқа курс оқып алып, адам тағдырына араласу дұрыс па? Олардың кәсіби деңгейін кім тексереді? Осы сұрақтар аясында мәжілісте «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы қаралып жатыр. Жоба саладағы реттелмеген мәселелерді жүйелеп, психологиялық көмек алатын азаматтарды қорғауға бағытталған.

4-БЕТТЕ

СЫР МЕДИЦИНАСЫ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Сол жағалауда жана емхана

Осы уақытта дейін қаланың сол жағалауынан тұрғындар сұранысына сәйкес жаңа емхана салынатыны айтылды. Өңірге сапар барысында денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 500 келушіге арналған емхананың қапсуласын салу рәсіміне қатысты.

Шараға қатысқан аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жаңа нысан тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыратынын атап өтті.

– Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асуда. Денсаулық сақтау инфрақұрылымынан одан әрі жетілдіру шаралары кешенді жүргізіліп келеді. 2022-2025 жылдары салаға 50 млрд 100 млн теңге қаржы бөлінді, 26 млрд 400 млн теңгеге 40 медицина нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы белгіленген жоспарға сәйкес толығымен орындалып, 10 млрд 700 млн теңгеге салынған 28 нысан халық игілігіне қызмет етуде. Жаңадан бой көтеретін емхана да шипа іздеген қандарға сапалы медициналық қызмет көрсететін орынға айналсын, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Рәсімде Ақмарал Шәріпбайқызы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйлеп, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Асылбек Тоқырзаұлы бата берді.

500 орындық жаңа нысан тұрғындарға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық қызмет көрсететін көп-салалы емхана болмақ. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған.

Сонымен қатар нысан 50 төсектік күндізгі стационар, дәрілік қамтамасыз ету бөлімі, орталық стерилизация, кір жуу орны, медициналық қалдықтарды сақтау, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіледі.

Көпбейінді аурухана жыл соңына дейін пайдалануға беріледі

Қаламызда көпбейінді аурухана салынууда. Әлеуметтік нысан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы негізінде қолға алынған. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухананың құрылысы алаңына барды.

Көпбейінді аурухана заманауи техникалық шешімдерді ескеріп жобаланған, ең озық технологиямен қамтамасыз етіледі. Диагностика және емдеу бойынша заманауи стандарттарға сай келетін жоғары технологиялық инновациялар енгізіледі. Бұл қала тұрғындарына

Басы 1-бетте



медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырмақ.

«Меллоратор» серіктестігі қолға алған жобаға 36 млрд 416 млн теңге қаржы қаралған. Бұл – аймақтағы халықаралық стандарттарға сай, ең ауқымды жобалардың бірі. Нысан 10 блоктан тұрады: емхана, пансионат, конференц-зал, асхана, физиотерапия, қабылдау бөлімі, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлім.

Медициналық орталық ашылды

Сонымен қатар облыс орталығында «Orhun medical» медициналық орталығының ашылу рәсімі өтті. Облыс орталығынан ашылған бұл орталық «Orhun Medical» компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған жобасының екінші кезеңі. Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласында осындай орталық іске қосылған. Зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі.

Іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа орталықтың өңіріміз үшін маңызды зор екенін айтып өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. Сыр өңірінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, инфрақұрылымды одан әрі жетілдіру шаралары кешенді түрде жүргізілуде. Бүгін өздерімізбен бірге өңіріміз үшін маңызды зор нысан «Orhun Medical» медициналық орталығының ашылуында бас қостық. Орталықтың негізгі бағыты – позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томографияны біріктіретін жоғары технологиялық диагностика. Құны 4 млрд теңге болатын бұл жоба онкологиялық аурулардың ерте анықтауға, дерттің таралу деңгейін бағалауға, емдеу тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Тұрғындарымыз ендігіде Астана, Алматы қалаларына, шетелдерге бармай-ақ, сапалы медициналық қызметтерді жергілікті жерде алады. Ел игілігіне табысталатын медициналық орталық дәрігерлері келушілерге қызмет етіп, науқастың дертіне дауа беріп, халықтың ықыласына бөленеді деп сенеміз. Жауап-

кершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз табысты, мәртебелеріңіз биік болғай, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада аймақтың денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Orhun medical» медициналық орталығының жылдық жобалық қуаты айтарлықтай жоғары. Мұнда жылына 3500 позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томография зерттеуі жүргізіледі. Сонымен қатар 16000 магниттік-резонанстық томография, 20000 компьютерлік томография, 25000 рентгенологиялық зерттеу және 10000 маммография жасауға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, медициналық орталықта МРТ, КТ, рентгенография, маммография, ультратрадыстық диагностика, бейінді мамандардың кеңестері, зертханалық зерттеулер және емшара бөлмелерінің қызметтері халыққа тиімді болады.

Ана мен бала орталығы – ұлт саулығының кепілі

Халықтың денсаулығын нығайту – маңызды міндет. Мемлекет басшысы өз жолдауында халыққа медициналық көмекті тиімді ету, ана мен бала денсаулығын сақтай отырып, өлім-жітім көрсеткішін төмендету мемлекетіміздің басты басымдығы екенін атап өтті. Соның негізінде ана мен бала денсаулығын сақтау жалпы медицинаның маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес 12 облыста заманауи перинаталдық орталықтар салу көзделген. Солардың бірі Сыр өңірінде салынатыны айтылды. Өңірге жұмыс барысымен келген денсаулық сақтау министрі 200 төсектік перинаталдық орталықтың қапсуласын салу рәсіміне қатысты. Жаңа нысан Президент паркі аумағында орналасады.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды жаңа бастамамен құттықтады.

– Халқымызда «Денсаулық – басты байлық» деген терең мағыналы сөз бар. Расында, кез келген мемлекеттің ең қымбат капиталы – адам өмірі мен денсаулығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға айрықша көңіл бөліп келеді. Бесінші Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары

Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр», – деп ерекше атап өтіп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы басталатынын айтты. Бұл серпілді жобалар өңір экономикасына қуат беріп, транзиттік әлеуетін күшейтеді. Халқымыздың әл-ауқатын арттыруға мол мүмкіндік береді. Құрылысына 48 млрд 500 млн теңге бөлінген 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың аумағы 38 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, денсаулығын жақсартуға, демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет қолдауы. Жаңа орталық мейірім мен жылулықтың ордасына айналсын, – деді аймақ басшысы.

Болашақ перинаталдық орталықта ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдер жоспарланған. Сонымен қатар жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен асхана блогы болады. Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-қызметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ана мен бала орталығы – тек ғимарат емес, бұл ұлт саулығының кепілі. Мұндай орталықтардың салынуы ана мен бала өлімін азайтуға және аймақта медициналық көмектің тиімділігін арттыруға арналған маңызды қадам. Айта кетейік, соңғы жылдары Сыр өңірінде ана мен сәби өлімі азайған.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Расында, биылғы референдумның тарихи маңызы ерекше. Өйткені бұл жолы әңгіме тек жекелеген түзетулер жөнінде емес, мемлекеттің басқару моделін жетілдіруге бағытталған жүйелі өзгерістер туралы болып отыр. Ата заңға енгізілетін бірқатар жаңашылдықтар саяси реформалардың логикалық жалғасы ретінде ұсынылуда.

Ұсынылып отырған өзгерістердің ішінде билік тармақтарының өкілеттіктерін нақтылау, олардың арасындағы тепе-теңдік пен жауапкершілік тетіктерін күшейту мәселесі бар.

Бұл қадам мемлекеттің шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын арттыруға және институттардың тиімділігін көтеруге бағытталған. Сонымен қатар Парламенттің ролін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайту, азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатысу мүмкіндіктерін арттыру сияқты бастамалар да қарастырылуда.

Әлеуметтік бағыттағы нормалардың күшеюі де назар аударуға тұрарлық. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін нақтылау, әлеуметтік кепілдіктерді айқындау, еңбек құқықтарын қорғау, білім мен денсаулық сақтау салаларына қатысты конституциялық негіздерді жетілдіру – мұның бәрі қоғамның сұранысынан туындап отырған өзгерістер деп ойлаймын. Егер бұл бастамалар толыққанды жүзеге асса, азаматтардың құқықтық қорғалуы мен әлеуметтік сенімділігі арта түсер еді.

Өздеріңізге белгілі, қолданыстағы Конституция алғашында орыс тілінде әзірленіп, кейін қазақ тіліне аударылған. Ал жаңа заң жобасының маңызды ерекшелігі – оның мемлекеттік тілде жазылуында. Бұл тек техникалық айырмашылық емес. Конституция мәтінінің қазақ тілінде түпнұсқа ретінде қабылданыуы құқықтық нормалардың ана тілімізде дәл әрі түсінікті берілуіне мүмкіндік береді. Бұған дейін аударма сипатына байланысты туындаған кейбір терминологиялық және мазмұндық сәйкессіздіктердің алдын алу тұрғысынан да бұл қадамның мәні зор.

Конституция – тек заңгерлерге арналған құжат емес, ол – бүкіл қоғамға ортақ негізгі құқықтық бағдар. Сондықтан оның мазмұны халыққа түсінікті, айқын және заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Алдағы референдум осы тұрғыдан алғанда ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды белес болғалы тұр. Сондықтан әрбір азамат өзгерістердің мәніне терең үніліп, салмақтап, өз азаматтық ұстанымын саналы түрде білдіруі қажет деп есептеймін.

Нұрлан ТҰРҒАНБАЕВ,

Қызылорда қалалық мәслихат депутаты

САБАЛАҚ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ

Ел игілігіне бағытталған шараға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірде өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймағымыздың барлық салада қарқынды дамығанын ерекше атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық



емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын айтты. Бұл – Мемлекет басшысының Сыр жұртшылығына ыстық ықыласы, тұрғындарымыздың бекем бірлігі мен тату тірлігінің нәтижесі. Халқымызда «Мұрағы бірдің қуаты бір» деген сөз бар. Ауылдың дамуы, келешегі сіздерге, тұрғындардың еңбекқорлығымен ауызбіршілігіне байланысты. Сабаалаққа қосылған «көгілдір отын» халықтың тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда қаласында 80-ге жуық саяжай бар, оның 10-ға жуығында халық тығыз қоныстанған. Осыған байланысты бас жоспарға өзгерістер енгізіліп, бірқатар саяжайға «Тұрғын үй аумағы» мәртебесі берілді.

Қазіргі таңда Сабаалақ саяжайы қала шекарасына енгізіліп, инфрақұрылым жеткізуге мүмкіндік жасалды. Соңғы төрт жылда бұл аумаққа 6 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 22 шақырым ауызеу магистралі тартылған. Су мұнарасы орнатылып, электр желісі жүргізіліп, 20-ға жуық көшеге орташа жөндеу жасалды. Айта кетейік, Сабаалақ елді мекеніне 3,2 млрд теңгеге газ тартылып, 1 694 үйге көгілдір отын қосылды. Алдағы уақытта басқа да саяжайларға кезек-кезеңімен инфрақұрылым жүргізіледі.

Думан КЕҢШПЕК

«Ақмешіт-ақпарат»

Кітапхана, жаңа театр, Президент саябағы һәм қаланың жаңа тынысы

Президент Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында «Мен зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманға сай кітапхана салу керек екенін де айттым. Биыл бұл құрылыс та басталуы керек», – деген еді. Міне, сол бастаманың да жұмысы қарқын алып жатыр. Білім мен ғылымның ордасына айналатын бұл ғимарат жастардың дамуына жаңа леп береді. Халықаралық жарыстарға, ғылыми жобаларға дайындалуына жағдай жасалып, Сыр өңірінен бәсекеге қабілетті дарынды жастардың шығуына ықпал етеді. Тәулік бойы жұмыс істейді деп жоспарланған кітапхана жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсетіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи, көпфункционалды кітапхана құрылысына инвестор есебінен 20 млрд теңге қарастырылған. Жоба кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірдің ақпараттық-мәдени әлеуетін күшейтуге сеп болады. Ғимараттың жалпы аумағы 13 мың шаршы метр болса, ондағы кітап қоры 1 миллионнан асады деп жоспарлануда.

Кітапханада ашық форматтағы оқу залдары, заманауи каталог жүйесі, 50 адамға арналған цифрлық ресурстармен жұмыс істеу бөлмесі ашылады. Сонымен қатар медиа-лаборатория мен подкаст студиясы жұмыс істейді. Қоғамдық тапқылаулар,

Басы 1-бетте



«Ақмешіт-ақпарат»

– **Өнер мектебінің миссиясы мен басты мақсаты неде?**

– Мектептің басты миссиясы – мәдениет пен өнер саласына кәсіби маман даярлау. Мұндай түлектер филармония болсын, білім беру ұйымдары болсын, жалпы өнер мен мәдениет кеңістігінің барлық саласында сұранысқа ие. Ең бастысы – ұлттық өнердің сабақтастығын үзбей, жаңа буын тәрбиелеу. Көп жағдайда шетелге шыққанда елдің шынайы болмысын танытатын – өнер адамдары. Оркестр әртістері, әншілер, бишілер сахнаға шыққанда, аз ғана уақыттың ішінде халықтың тарихын, рухын, ұлттық келбетін терең, әсерлі түрде жеткізіп бере алады. Өйткені өнер ұлттың болмысын көрсетеді.

– **Шығармашылықты дамыту үшін қандай басымдықтар айқындадыңыз?**

– Соңғы жылдары мектептің құрылымын кеңейтіп, жаңа бөлiмдер ашуға, толықтыруға айрықша назар аударып келеміз. Солардың бірі – Жетiген сыныбын жандандырып, көне аспапты кәсiбi деңгейде меңгеретiн жас буынды тәрбиелеу. Жыр-терме сыныбы жұмысын жүйелi түрде күшейтудi көздеймiз. Қазiр екi бағыт бойынша жұмыс iстесек, алдағы уақытта тағы екi бағытты қолға алу жоспарымызда бар. Жалпы, өнiр көлемiнде төрт жыр мектебi қалыптасқан. Бұған қоса, үрмелi аспаптар сыныбын дамытуды да күн тәртібіне қойдық. Гобой, флейта, валторна, кларнет сыныптарын ашу жоспарда бар. Өткен жылы мектепте бұрыннан бар аспаптық базаға сүйене отырып, саксофон сыныбын iске қостық. Сондай-ақ виолончель сыныбын да жаңа деңгейге шығару – алдағы уақыттағы негiзгi мiндеттерiмiздiң бiрi.

– **Өнер мектебіне оқуға қабылдау қалай жүргізіледі? Жас шектеуі бар ма, бастапқы дайындық деңгейіне қандай талап қойылады?**

– Өнер мектебіне емтихан арқылы қабылдаймыз. Ең алдымен баланың шығармашылық икемі сарапталды. Өн айту, музыканы есту қабілеті мұқият тексеріледі. Сонымен қатар баланың есте сақтау қабілеті мен зеректігі де назардан тыс қалмайды. Әсіресе скрипка, виолончель, фортепиано сияқты күрделі аспаптарды меңгеруде бұл қасиеттің маңызы зор. Қабылдау тамыз айының соңына қарай өтеді. Жас ерекшелігіне қатысты әр бөлімнің өз талабы бар. Мәселен, скрипкаға 6-7 жастан бастап келген дұрыс. Бұл жаста бұлшықет әлі де жұмсақ, қолдың техникалық қимылын қалыптастыру жеңіл жүреді. Ал домбыра сыныбына, керісінше, денесі біршама бекіген 8-10 жастағы балалар қабылданады. Баянға да негізінен осындай жас шектеуі ұсынылады. Дегенмен, кейде бұл ауыр аспапқа кішкентайлар да қызығып келеді. Олар да ынта-ықыластың арқасында үйреніп, концерттерге шығып жүр. Небәрі алты айдың ішінде мектеп сахнасына шығып, өнер жолындағы алғашқы қадамын жасап жүрген адамдар бар.

– **Аспаптық бағыттар бойынша оқу бағдарламасы қандай қағидадарға сүйенеді?**

– Мектептің оқу бағдарламасы бекітілген білім стандартына негізделіп әзірленеді. Аспапта ойнауға үйрету – өте жауапты әрі күрделі. Сол себепті әр оқушыға жеке оқу жоспары құрылады. Онда баланың мінез-құлқы, сабаққа қатысу белсенділігі, қызығушылығы, ата-анасының қолдауы мен жауапкершілік деңгейі секілді маңызды тұстар ескеріледі. Сонымен қатар оқушының

Басы 1-бетте



Анар ЖАҢБЫРБАЕВА,
Мүлкаман Қалауов атындағы Өнер мектебінің директоры:

Өнер мектебін үйірмемен шатастырып жүргендер көп

жасы мен қабілетіне сай репертуарлық жоспар да нақты айқындалады. Әдістемеге келсек, әр бағытта орындаушылық аппаратты қалыптастырудың ортақ кәсіби қағидалары бар. Дегенмен нақты жұмыс әр баланың өзіне ғана тән физиологиялық және анатомиялық ерекшеліктеріне қарай қайтадан бейімделіп, «қолдан пішілгендей» құралады. Өйткені әрбір бала өзгеше әлем. Мұғалім тәжірибесі артқан сайын, ол осы айырмашылықтарды терең түсініп, баламен жұмыс істеудің тиімді жолдарын игереді. Біз оларды «тәлімгер» деп бекер атамаймыз. Біздің ұжымдағы осындай ұстаздар – өнер мектебінің тірегі, өз саласының шынайы мэтрлері.

– **Вокал, хореография, бейнелеу өнері бағыты бойынша оқу үрдісі қалай ұйымдастырылған?**

– Вокал мен хореография – кәсіби шеберлікті талап ететін екі ірі бағыт. Вокал бөлімінде дауысты дұрыс қою, тыныс алу техникасы, дикция, орындаушылық мәнер мен сахналық бейне қалыптастыру сынды күрделі сабақ арнайы әдістемеге сүйене отырып, кәсіби вокал педагогтерінің тікелей жетекшілігімен жүргізіледі. Әр оқушының дауыс мүмкіндігіне қарай жеке жұмыс істейді, репертуар да соған сай таңдалады. Хореография бөлімінде би өнерінің негізгі тармақтары толық қамтылған. Халық билері, қазықтан ұлттық билері, заманауи және классикалық бағыттар бойынша балалар жүйелі түрде дайындалады. Мектептің «Балбұлақ» би ұжымы мен хоры

кала және облыс деңгейіндегі барлық маңызды мәдени іс-шараларға тұрақты қатысып жүр. Олар көптеген республикалық және халықаралық байқауда жүлделі орындарға ие болып келеді. Үлкен жетістіктерінің бірі – халықаралық «Славянский базар» би байқауында кіші топ бойынша I орын иеленді. Бұл номинация бойынша Қазақстаннан қатысқан жалғыз ұжым болғандықтан, біздің балалар ел намысын абыроймен қорғап, республикамыздың өнерін лайықты деңгейде танытып қайтты. Бейнелеу өнері бөлімінде академиялық сурет, кескіндеме, композиция, сондай-ақ дизайн мен графика пәндері жүйелі түрде оқытылады.

– **Өнер мектебіне оқытушыларды іріктеу қандай талап бойынша жүргізіледі? Сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, шеберлік сабақтары мен тәжірибе алмасу жұмысы қай деңгейде?**

– Бұл 80 жылдық тарихы бар мектеп. Мұнда ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан шебер ұстаздар, қалыптасқан дәстүрі бар мықты ұжым жұмыс істейді. Педагогті таңдағанда, ең әуелі оның баламен қарым-қатынасына назар аударамыз. Балаға мейріммен қарап, қолдау көрсете ала ма, жас таланттың өсіп-жетілуіне шын жүректен қызығушылық таныта ма, осы талап аса маңызды. Сонымен қатар мұғалім өз өнерін де жоғары деңгейде көрсете алуы керек. Мұғалімнің жеке шығармашылығы мен кәсіби шеберлігі оқушы үшін ең үлкен мотивация. Биыл біз екі ірі кәсіби шеберлік сабағын

өткіздік. Алматы қаласындағы А.Жұбанов атындағы мамандандырылған музыка мектебінің педагогтері шәкірттерімен бірге келіп, фортепиано, скрипка және виолончель мамандықтары бойынша шеберлік сабақтарын жүргізді. Бағдарламаның соңында қонақтар өз оқушыларымен бірлескен концерт қойып, тәжірибе алмасуды нағыз шығармашылық мерекеге айналдырды. Сонымен қатар пианистерге арналған жеке шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Оны Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының тәжірибелі педагогі жүргізді. Биыл пианистердің 59-республикалық конкурс-фестивалі өтеді, бұл байқаудың ерекшелігі номинациялар жыл сайын ауысып отырады. Келер жылы ішекті және үрмелі аспаптар бойынша, ал өткен жылы халық аспаптары бағытында конкурс өткен. Яғни әр мамандық үшін осындай ауқымды мүмкіндік орта есеппен үш жылда бір рет келеді. Өнер мектебінің мұғалімдері Астана қаласындағы республикалық деңгейдегі шеберлік сабақтарына да жүйелі түрде қатысып тұрады. Егер шақырту ресми, республикалық мәртебеге ие болса, жолақысы

концерт сынды ірі дүниелер орындалып, баланың музыкалық ойлауы мен сахналық дайындығы жан-жақты бағаланады. Үшінші токсан жоғары деңгейде өтеді. Техникалық емтихан қайтадан жүргізіліп, сонымен қатар сыныптық концерттер жиі ұйымдастырылады. Оқу жылының соңында міндетті түрде қорытынды академиялық емтихан немесе есеп беру концерті өткізіледі. Бұл да ірі формаға негізделеді. Концерт, соната, вариациялар тәрізді күрделі шығармаларды орындау арқылы оқушының бір жылдық еңбегі сараланады. Сонымен бірге әр оқушы мен педагогтің жетістіктерін айқындайтын портфолио жүйелі түрде жүргізіледі. Себебі барлық мұғалім, өзге білім беру мекемелеріндегідей, Ұлттық тәстілеу орталығының базасы арқылы белгілі бір тәстілеуден өтеді, соның нәтижесінде портфолиоға қажетті құжаттар мен деректердің басым бөлігі автоматты түрде жиналып отырады. Өнер мектебі мұғалімдерінің жетістігі аз емес, нәтижесі мол, талай дарынның жолын ашқан ұжым деп нық айта аламыз.

– **Оқушыларыңыздың жетістігі мен алдағы жоспарға тоқталсаңыз...**

– Өзім скрипка сыныбында сабақ беремін. Жылдар бойы талай шәкірт тәрбиеледім, бүгінде қала деңгейінен бастап, халықаралық дәрежеге дейінгі түрлі байқаулардың лауреаттары аз емес. Солардың бір бөлігі қазір менің әріптестеріме айналды, ал кейбір түлектеріміз әлем сахналарында абыроймен өнер көрсетіп жүр. Бұл – ұстаз үшін мақтаныш. Қазір мектеп үшін ерекше маңызды мерейтойға жүйелі дайындық басталды. Алдымызда үлкен меже – Өнер мектебінің 80 жылдығы. Мерейлі жылда мектеп тарихын қамтитын кітап шығару, үлгілік-есептік үлкен концерт ұйымдастыру, ұстаздар мен оқушылардың ең үздік жұмыстарын кенінен көрсету жоспарланған. Жалпы жоспар көп, осының бәрін рет-ретімен



мен іссапар шығынын мемлекет өтейді. Бұл педагогтердің кәсіби дамуына, жаңа әдістемелерді меңгеруіне, республикадағы үздік тәжірибемен танысуына мүмкіндік береді.

– **Оқушылардың оқу нәтижесі қалай бағаланады?**

– Әр токсан сайын оқушылар емтихан тапсырады, және әр емтиханның өзіне тән бағыты бар. Бірінші токсанда техникалық емтихан тапсырады. Бұл кезеңде оқушы гамма, этюд арқылы орындаушылық шеберлігін, саусақ техникасын шындайды. Екінші токсан, яғни жартыжылдық қорытындысы – академиялық емтихан. Мұнда көлемді шығармалар, соната,

жүзеге асыру үшін үш жылға арналған «жол картасы» да әзірленіп қойды. Жаңа бағыттар ашу – күн тәртібіндегі мәселе. Жетіген, гобой, кларнет, валторна сияқты аспаптар бойынша сыныптар енгізуге ниеттіміз. Халықаралық байқауларға жиі қатысамыз. Жетістігіміз де аз емес, біз бұл алаңдарда тек қатысушы ретінде ғана емес, жүлдегер, лауреат дәрежесінде де талай мәрте танылып жүрміз. Бұл – балалардың еңбегінің, ата-аналардың қолдауының және ұстаздар ұжымының бірлескен қажырлы жұмысының нақты жемісі.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан **София ХАЙРУЛЛА**

Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты №68 мекемесінде 27-34-70 сенім телефоны жұмыс жасайтынын хабарлайды.

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗҒА БЕЛГІЛЕНГЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Сайлаушылармен кездесу орны	Мекенжайы	Кездесу уақыты
	Талсуат ауылдық округі әкімі аппаратының «Талсуат мәдениет Ұйы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Талсуат ауылы, Ақмешіт көшесі, №62	2026 жылдың 24 ақпаны, сағат 10:30
	Қызылорда қаласы, «Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты	Қызылорда қаласы, Н.Тілендиев көшесі, №9	2026 жылдың 24 ақпаны, сағат 12:00
	Тасбөгет кенті әкімі аппаратының «Сәбира Майқанова атындағы мәдениет Ұйы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, №5	2026 жылдың 24 ақпаны, сағат 15:00
	Белкөл кенті әкімі аппаратының «Белкөл кентінің клубы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, 2 Линия, №34	2026 жылдың 24 ақпаны, сағат 16:30
	Қосшынырау ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай мәдениет үйі» МКҚК	Қызылорда қаласы, Абай ауылы, Бейбітшілік көшесі, №12	2026 жылдың 25 ақпаны, сағат 09:30
	Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының «Қарауылтөбе ауылдық клубы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылы, А. Құнанбаев көшесі, №27	2026 жылдың 25 ақпаны, сағат 11:00
	Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының «Қызылжарма мәдениет Ұйы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылы, К.Сексенбаев көшесі, №38	2026 жылдың 25 ақпаны, сағат 12:30

Кітап сыйлау күніне орай С.Лапин атындағы №261 мектепте «Кітап сыйла – ізгілік тарат» атты шара өтті. Шараның негізгі мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақтың білімге деген құштарлығын баулу.

«КІТАП СЫЙЛА» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Бұл игі бастама – білімге деген құрметтің, парасаттылық пен жанашырлықтың айқын көрінісі болды. Мектеп



әкімшілігі мен ұстаздар қауымы акцияға белсене атсалысып, кітапхана қорын жаңа, мазмұнды кітаптармен толықтыруға өз үлестерін қосты. Атап айтқанда акцияға Болат Оразбаев, Жанайым Әбдрахманова, Гүлнұр Әлиасқарова, Жанна Омарова, Шолпан Қойшықараева, Айбек Мықтыбаев сынды ұстаздар қатысты. Сонымен қатар сынып жетекшілері мен оқушылар да белсенділік танытты.



Әрбір сыйға тартылған кітап оқушылардың ой-өрісін кеңейтетін, қиялын дамытатын, рухани әлемін байытатын баға жетпес қазына. Кітапхана қорына қосылған жаңа туындылар балалардың білімге деген ынтасын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді. Кітап сыйлау – жай ғана акция емес, бұл – жүректен шыққан ізгілік пен жанашырлықтың жарқын үлгісі.

ЖАЛҒАН ПСИХОЛОГ, ТЫҒЫР ТАЯНДЫ КОУЧ, ТРЕНЕРЛЕРГЕ

Соңғы жылдары елімізде психологиялық көмекке жүгінетін адамдар саны артты. Күйзеліс, отбасылық қиындықтар, жұмыс орнындағы қысым, жастар арасындағы мазасыздық, мұның бәрі қоғамның психологиялық саулығы қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Алайда осы уақытқа дейін психолог қызметін реттейтін, халықтың да, маманның да құқықтарын бірдей қорғайтын дербес заң болмады.

Заң жобасының мақсаты – психологиялық қызметті заңмен бекіту. Егер құжат қабылдана, психолог мәртебесі заңмен айқындалады. Сондай-ақ білімі жоқ адамдардың психологиялық кеңес беруіне шектеу қойылуы мүмкін. Мамандарды тіркеу, кәсіби этика нормалары мен жауапкершілігі бекітіледі. Азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдері күшейді.

Қазақстан психоналитик ассоциациясының мүшесі, тәжірибелі психолог Сәлима Сатылғанқызы қазіргі заманда психологиялық көмектің қаншалықты маңызды екенін айтты.

– Біз мына ақпарат заманында психологиялық көмектің мәдениетін, сауатын көтеру кезеңінде тұрмыз. Психологиялық қызметті заңмен реттеу маңызды. Саны көп, сапасы жоқ, «мен психологпын» дейтін жандар көп. Адамның жанын нағыз маманға тапсырып, саннан сапаға өту керек. Психолог жоғары білімі бар маман болуы қажет. Тәжірибесі бар, психотерапевт болғанға 25 жыл болса да әлі де супервизиялық топқа қатысамын. Себебі адамның жанын емдеу үнемі білімді жетілдіруді қажет етеді. Яғни қанша ғұмыр болса, сонша уақытын ғылым, білімді зерттеуге арнау керек, – деді психолог Сәлима Темірбайқызы.

Бүгінде елде психологиялық қызметке сұраныс артқанымен, бұл салада жүйелі талап пен нақты бақылау тетіктері жеткіліксіз. Әлеуметтік желілерде өзін «психолог», «психотерапевт», «коуч» деп таныстыратын, бірақ тиісті білімі мен кәсіби дайындығы жоқ адамдардың көбеюі қоғамда алаңдаушылық туғызды. Мұндай жағдайларда психологиялық көмек алушылардың құқықтары қорғалмай, кейде

Басы 1-бетте



тіпті олардың психикалық жағдайына зияны тиген. Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов енді кез келген адам өзін «психолог» деп атай алмайтынын айтты. Түрлі желеумен «бақытты өмір сүруді үйретемін»

дейтін коучтар мен психологтардың қызметіне шектеу қойылады. «Ол үшін біріншай кәсіби стандарт енгізу жоспарланып отыр. Бұл талаптар тек мамандарға ғана емес, психологтарды даярлайтын жоғары оқу орындарына да міндетті, – деді депутат.

Заң жобасы осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді. Құжатта психологтың мәртебесі, біліміне қойылатын талаптар, біліктілікті растау тәртібі және психологиялық көмектің нақты нысандары айқын көрсетілген. Яғни психологиялық қызмет енді бейресми кеңес емес, заңмен реттелетін кәсіби көмек түріне айналмақ.

Жаңа заң ең алдымен қарапайым азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған. Психологиялық көмек алушының келісімінсіз ақпарат жариялауға тыйым салу, көмектің ерікті түрде көрсетілуі, қызмет сапасына қойылатын талаптар да заңда қаралған. Ережеге сай, енді барлық психолог біртұтас базаға тіркелуге міндетті болады.

– Ойлап қарасақ біз өзіміздің тәнімізге әр күн сайын көңіл бөлеміз. Неше түрлі витаминдер ішеміз, жүгіреміз, күніне 10 мың кадам жасаймыз, күнге қыздырынамыз. Ал жан саулығы ше? Психолог жан жарасын емдейді. Яғни бұл – рухани салауаттылық. Психологиялық көмекке жүгінген адам алдымен маман туралы зерттеп алған дұрыс. Мәселен тіс емдеу үшін мықты стоматолог сұрастырамыз ғой, сол сияқты психолог

маманға жүгінерде жасы, біліміне, лицензиясына назар аудару керек, – дейді психолог Сәлима Сатылғанқызы.

Қазіргі уақытта психолог, коуч айтты деп ажырасып кетіп жатқан отбасылар аз емес. Мұны Сәлима Темірбайқызы «өзге адамның ойына тәуелділік» деп бағалайды.

– Оларды психологиялық жасы кішкентай, тіпті сәби жаста қалып қойғандар деп айтпауға болады. Ондай адамдарға іздену керек. Әр адам өз тағдырының суретшісі. Кәсіби психологтарға ешбір маман клиентке «ажырас» деп айтпайды. Қабылдауға келген адамның потенциалына, ішкі ойына байланысты кеңес береміз. Әр адам өз-өзін тыңдап, өзі нені қалайтынын өзі шешуі керек, – дейді психолог.

Ал мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев егер әртүрлі коуч, тренер, психолог, курс өткіземін десе, тек арнайы білімі, дипломы болуы міндетті екенін айтты.

Басқаларға шектеу жасау керек, дипломсыз маман елді алдап курс өткізетін болса, сотпен ақшасын қайтарып айыппұл салу қажет екенін айтты.

– Жалған жарнамаға да жауапкершілік бар. Егер дипломың болмаса психология курсың өткізсең ол үшін де бөлек жауапкершілік бар. Курс өткізуге диплом бар дейік, бірақ уәде еткен нәтижеге жетпесе, –

курстың ақшасын қайтарасың. Заңның негізгі мәні осындай, – деді депутат Мұрат Әбенев.

Заң жобасында бұл салада жұмыс істейтіндер тек педагогикалық немесе медициналық білімі барлар кемінде 900 сағат қайта даярлықтан өткен болуы шарт. Психологтарға медициналық диагноз қою, дәрі тағайындау және сананы өзгертуге әсер ететін әдістерді қолдануға тыйым салынады. Сонымен бірге терапия үшін жазбаша келісім міндеттеледі. Аудио немесе видеоға жазу тек клиенттің рұқсатымен жүзеге асады. Ал жасөспірімдерге кеңес беру мектептен тыс және төтенше жағдайдан басқа тек ата-анасының келісімімен жүргізіледі. Сонымен қатар психологтар әр бес жыл сайын біліктілігін көтеруге міндетті болады.

Бұл талаптар бір жағынан салаға кездейсоқ адамдардың келуін шектесе, екінші жағынан кәсіби психологтардың еңбегін қорғауға және олардың қоғамдағы беделін арттыруға деп есептеуге болады.

Думан КЕҢШІЛІК



Думан КЕҢШІЛІК

Күлдіре ме, жылата ма?

Азот тотығы медицинада жеңіл ота жасауда, соның ішінде босану кезінде ауырсынуды азайту мақсатында қолданылады. Бірақ медициналық тәжірибеде ол ешқашан таза күйінде берілмейді. Газды оттегімен араластырылып, белгіленген мөлшермен, дәрігердің нұсқауымен пайдаланылады. Ал жастар тұтынатын «күлкі шарында» мұндай бақылау жоқ. Газ шарға толтырылады да, бірнеше секунд ішінде жұтады. Нәтижесінде адамда эйфория сезімі пайда болып, себепсіз күліп, адамның өн бойында ерекше әсер пайда болады. Азот тотығы орталық жүйке жүйесіне әсер етеді. Күлкі шарын пайдаланар сәтте мида (гипоксия) оттегі жетіспеушілігі болады. Яғни ағза жасанды күйге түседі. Оның әсері 10-15 минуттан аспайды. Кейін ағзада «күлкі шарына» деген тәуелділік артады. Мамандардың айтуынша, азот тотығын жиі пайдалану жүйке жүйесіне ауыр салмақ түсіреді. Бірнеше рет қолданудың өзі бас айналуға, қозғалыстың бұзылуына әкелуі мүмкін. Ал тұрақты тұтыну есте сақтау қабілетінің әлсіреуіне, эмоциялық тұрақсыздыққа, тіпті естен тануға дейін жеткізеді. Ең қауіпті салдардың бірі – B12 дәруменінің ағзада жойылуына әкеліп соғады. Бұл дәрумен жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет. Оның жетіспеушілігі сал ауруына дейін апаратын ауыр неврологиялық асқынуларға себеп болуы мүмкін. Тағы бір алаңдататын жайт – азот тотығын алкогольмен немесе басқа да психоактивті заттармен бірге қолдану. Мұндай жағдайда улану қаупі бірнеше есе артады. Тек улану ғана емес, адам өміріне қауіп төнуі мүмкін. Алғашында жастар «күлкі шарын» қызық көріп қолдана бастайды. Бірақ адам мында психологиялық тәуелділік тез қалыптасады. Кей жағдайда «күлкі шарын» бір рет пайдаланғаннан кейін адам одан күштірек әсер іздей бастайды.

«Күлкі шарының»

ҚАСІРЕТІ

Әлем дабыл қағуда

Соңғы онжылдықта бірқатар елде азот тотығын теріс пайдалану көрсеткіші күрт артқан. Ғылыми зерттеулерде 2010 жылмен салыстырғанда кейінгі жылдары өлім-жітім жағдайлары бірнеше есе көбейгені айтылған. Сарапшылар мұны интернет арқылы сату көбейгенімен байланыстырады. Онлайн платформаларда газ баллондарын сатып алу оңай. Ал құқықтық бақылау көп елде кеш енгізілді. Ұлыбритания 2023 жылы азот тотығын есірткі заттарының қатарына қосты. Заңсыз сатқандарға қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Нидерланды толық тыйым салды. Ресей де заңсыз айналымын шектеді.

Қазақстанда ахуал қандай?

Қазақстанда азот тотығы ұзақ уақыт бойы нақты тыйым салынған заттар тізіміне енебеді. 2023 жылы ол күшті әсер ететін зат ретінде танылғанымен, заңнамалық шектеулер жеткілікті деңгейде болмады. Бүгінде газ толтырылған шарларды әлеуметтік желілер арқылы, түнгі клубтарда немесе жеке сатушылардан табу қиын емес. Бағасы қалтаға салмақ салмайды. Бір шар шамамен 2000 теңге, оны жасөспірімдерге дейін алу мүмкіндігі жоғары екенін аңғартады. Азот тотығының заңсыз айналымы қоғамда алаңдаушылық туғызған еді. Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаев Үкіметке депутаттық сауал жолдап, бақылауды күшейту қажеттігін көтерген еді. Нәтижесінде әсері күшті «күлкі шарының» айналымын қатаң реттеуге бағытталған заң қабылданды. Аталған заң 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

Депутаттың айтуынша, биылдан бастап азот тотығы заң жүзінде толық бақылауға алынады. Оны заңсыз сақтау, сату және тарату әрекеттері әкімшілік жауапкершіліктен қылмыстық жауапкершілікке ауыстырылады. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексінің 301 және 303-баптары күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымы, олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді. Ал ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-1-бабына сәйкес, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтерін және күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында алдын алу жұмыстары күшейтілмек. Психологтардың айтуынша, жасөспірімдер көбіне қызығушылықтан немесе қатарынан қалмау үшін тәуекелге барады. Ортасы маңызды



Тәртіп сақшылары тәртіпке келтіруде

Қызылорда қаласындағы түнгі клубтардың бірінде азот оксиді құйылған шарлардың ашық түрде сатылып жатқаны туралы белгілі болды. Аталған дерек негізінде облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері прокуратура органдарымен бірлесіп рейдтік іс-шара өткізді. Тексеру барысында түнгі клуб аумағынан 10 литрлік 4 газ баллоны және полиэтилен

пакетке салынған 6 шар анықталған. Оқиға бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 301-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары басталды. Аталған бап ұлы заттардың, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттарды дайындауға, заңсыз сауда айналымына қатысты жауапкершілікке алынады. Бүгінде тәртіп сақшылары демалыс күндері қала ішінде рейдтік шаралар жүргізуде.

Басы 1-бетте

Айдана БАХТИЯР

МҰЗАРТ ТАУДЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ

К.Қаракөзов атындағы мектеп-гимназияда кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Мұзарт таудың мұзбалағы – Мұқағали» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кездесу мақсаты – қазақ поэзиясының заңғары Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау, оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру.

Кеш барысында 10-сынып оқушылары «Болашаққа арыз жазып кетейін...» тақырыбында әсерлі көрініс қойды. Ақынның жан дүниесін, өмірге, қоғамға және келешек ұрпаққа деген ой-толғанысын сахна арқылы шебер жеткізе білді. Оқушылар ақынның сезімге толы жырларын көркем бейнелеп, көрерменге ерекше әсер қалдырды. Бұл көрініс арқылы ақын поэзиясының тереңдігі, адамгершілік пен рухани құндылықтарды дәріптейтін тағылымы айқын көрініс тапты.



Сонымен қатар іс-шарада Мұқағали Мақатаев туралы Нұрғиса Тілендиевтің естеліктері мен ақын анасының жүрек тебіренерлік ой-пікірлері оқылып, ақын тұлғасын жана қырынан танытуға мүмкіндік берді. Бұл естеліктер көрерменге ерекше әсер сыйлап, ақынның адам болмысы мен шығармашылық әлемін тереңірек түсінуге жол ашты.

Поэзия мен музыка үндескен әсерлі кешке оқушылар белсене қатысты. Ақын ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды, арнау өлеңдер айтып, ән шығарды.

Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы әдебиетімізді дәріптеп, рухани құндылықтарымызды жас ұрпақтың бойына сіңіре берейік!

Роза ӘБДІКӨРІМОВА, Айнагүл ТІЛЕУБАЕВА,
К.Қаракөзов атындағы мектеп-гимназия кітапханашылары

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,

деректер мен мәзімметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі

ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сәйкестік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖПС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы **3875** Тапсырыс **№301**

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА